

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,  
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және  
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»  
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

2020 жылдың 15 мамыры

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
«Психология здоровья человека  
в глобализирующемся мире»  
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,  
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова  
15 мая 2020 года

### **PROCEEDINGS**

International scientific conference about  
«Psychology of human health in a globalizing world»  
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,  
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and  
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

**УДК 159.9 (063)**  
**ББК 88,3**  
**П 86**

**Редакционная коллегия**

**Қашхынбай Б.Б.**-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

**Сламбекова Т.С.** - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

**Айкинбаева Г.К.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Мамбеталина А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Нурадинов А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Рыскулова М.М.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Исаханова А.А.** – PhD психологии

**Организационный комитет**

**Ақымбек Г.Ш.** -магистр психологии

**Бурдесбекова У.И.** -магистр педагогики

**Құнанбаева А.Ж.** -магистр психологии

**Лекенова А.**-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

**ISBN 978-601-337-343-0**

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

**ISBN 978-601-337-343-0**

**©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020**

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание**

**ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

2 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005.

3 Макаренко А.С. Ұстаздық дастан. – Алматы: Мектеп, 1983. -488 б.

4 Никитин Б.П. Дамытушы ойындар. – Москва, 1994.

5 Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. - Алматы, 1999.

**ӘОЖ 159.922**

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ПӘНІ РЕТІНДЕ**

**Орынғалиева Назерке Нұрланбекқызы**

[Nazerke\\_0811@mail.ru](mailto:Nazerke_0811@mail.ru)

Бакалавр 4 курс, мамандығы 5В050300

Психология, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - э.ғ.к., доцент, Аубакирова Жанат Канашевна

Бейімделу - тұлғаның өзінің, ағзасының, жүйелерінің, мінезінің сыртқы ортадағы әсерлерге немесе өзгерген өмір жағдайына қарай ыңғайлануы. Жалпы, бұл термин XIX ғасырда пайда болып, тек жаратылыстану ғылымдары аясында, әсіресе биология саласында қолданылып келді. Тек бертін келе, өмірдің және ғылымның басқа салаларында қолданыла бастады, тіпті тұлға өмірі мен ұжымдық жүріс-тұрыс мәселелерінде де өзектілікке айналды.

Бұл зерттеу жұмысының базалық түсініктерінің бірі ретінде адаптация ұғымы саналады. «Адаптация» термині психологияда ғана емес, педагогика, социология, физиология және биология ғылымдарында да кеңінен қолданылады. Осыған байланысты бұл ұғымның түрлі мағынада анықталып, түсіндірілетін білуге болады. Негізінен, «адаптация» ұғымы жаңа ортадағы жаңа жағдайларға белсенді бейімделуді білдіріп, әрі құбылыс, әрі үдеріс, әрі орта мен тұлға арасындағы байланысты білдіреді. Бұл термин психология және педагогикада жиі қолданылады. Зерттеушілер әлеуметтену барысында тұлға тұтастығын түсіндіруде пайдаланады. Түрлі ғылымдар өкілдері күрделі және көпқырлы адаптация процессін түрлі жақтары түсіндірген.

Кәсіби әлеуметтену мәселесі аясында зерттеу жұмыстарын жүргізген: Т.Ю.Горохов, Л.Выготский және басқалары. Жоғары оқу орындарында студенттердің алғашқы жылдарында оқу адаптациясы қатысты зерттеу жүргізгендер: Л.Н.Боронина, Л.В.Дыченко, В.Крученко және басқалары. Әлеуметтік адаптация мәселесін Батыс психологтарымен де қарастырылды. Француз ғалымы Эмиль Дюркгейм [1] өз жұмыстарында әлеуметтік нормалардың тұлға жүріс-тұрысына әсер деңгейін талдай отырып, адаптацияны түсіндірген. Ол әлеуметтік шынайылықты екі анықтаушы белгі құрайды деп есептеген. Біріншіден, олар объективті сипаттамаға ие,

субъектілер қалауынан тәуелсіз. Екіншіден, олар мәжбүрлеу күшіне ие, яғни, тұлға интериозация механизмі арқылы қысым көрсете алады. Тиісінше, элеуметтік регуляторлар тұлға үшін қажеттілігімен де, тұлғаға көрсеткен мәжбүрлігімен де анықтала алады. Сонымен, Эмиль Дюркгеймнің анықтамасын негізге ала отырып, адаптация индивидтің амбивалентті мәжбүр-ерікті сипаттамаға ие элеуметтік нормаларды орындауы деп айта аламыз. Алайда, автор түрлі элеуметтік орталардың бір нормалар мен құндылыққа деген көзқарастары әрқашан түрлі болатынын ескермеген. Макс Вебер адаптацияны рационалдылықпен байланыстырған. Жасалған әрекеттер түсінігіндегі рационалдылықпен және қоршаған ортамен тұлғааралық қатынастарды орнату жағдайларындағы рационалдылықпен байланыстырған. Өз зерттеулерінде автор «адам өз мақсаттарын саналы түрде түсініп, оларды қойылған мақсатқа жетудегі рационалды құралдармен біріктіргісі келеді. Осы мақсатта адаптация адамдардың өз қажеттіліктерін қанағаттандырудың оптималды жолы ретінде шығады» деп жазған [2]. Вебер адаптациялық процесстер мәселесін талдай отырып, «мақсатты рационалды іс-әрекетпен» біріккен адаптацияның мінсіз моделін бкліп көрсеткен. «Мақсатты рационалды іс-әрекет» термині бұл жағдайда эталон немесе мінсіз тип ретінде түсіндірілген. Яғни, осы іс-әрекетпен тұлға жүріс-тұрысын салыстыра отырып, оның қоғамдағы элеуметтік нормадан ауытқу деңгейін анықтауға болады. Әр элеуметтік топтың, әр элеуметтік ұжымның түрлі нормалар түсінігі болуы мүмкін. Ол зерттелуші ұжымның даму деңгейіне байланысты.

Ағылшын зерттеушісі Дж. Мид элеуметтік адаптацияны тұлғаның ролдік концепциясы позициясынан түсіндірген. Мид аталған концепцияның авторы саналады. Дж.Мид келесідей пікірде болған: «орнатылымдар мен жүріс-тұрыс модельдерінің қалыптасуы элеуметтік топтың басқа өкілдерінің орнатылымдары мен жүріс-тұрыс моделдеріне тәуелді. Ал адамның элеуметтік рольге кіру процесі элеуметтік адаптация болып саналады» [3]. Автор элеуметтік адаптацияның мәнділігіне, тұлғаның топтағы жүріс-тұрыс модельдеріне бейімделу қажеттілігіне ден қойған.

Құрылымдық-функционалды анализ өкілі Р.Мертон [4] адаптацияның индивид жүріс-тұрысының ролдік көріністерімен байланысты концепциясының негізін салған. Мертон теориясындағы негізгі аспект қоғам құрылымындағы конфликтілік табиғаты болып саналады. Автор келесідей жазған «қоғамдағы институционалды рет, құндылықтар мен нормалар арасындағы күрделі иерархиялық қатынастарда өзіне қолжетімді құралдармен мақсатқа жетуге ұмтылу индивидті бейімделуге мәжбүр етеді» [4]. Американдық ғалым зерттеу жұмысындағы маңызды құрамдас ретінде адаптацияның социорталық және индивидуалдық орталық түрлерінің тең мүмкіндіктері саналады. Автор бойынша, әр тұлғада берілген мүмкіндіктердің индивидуалады жинағы бар, мүмкіндіктер элеуметтік ситуацияға, қоршаған ортаға, тәрбиелеу жүйесіне, және басқа да факторларға байланысты жиналады.

Т. Парсонс адаптация мен қоғамдағы тепе-теңдік күші арасын тең белгісін қойған. Автор адаптация туралы келесідей жазған: «тепе-теңдіктегі қоғам – конфликтсіз қоғам, әркім өз ролін біледі, және өзінен нені күтетінін түсінеді. Басқаша айтқанда, адаптация – индивид пен әлеуметтік ортаның қажеттіліктер, қызығушылықтар мен құндылықтар арасындағы тепе-теңдік» [5]. Яғни, егер әр индивид берілген тепе-теңдіктің оптималды үйлесіміне ұмтылса, адаптация сәтті аяқталады.

Гуманисттік бағыт өкілдері Беккер, Маслоу, У.Томас өз жұмыстарында адаптацияны әрі процесс, әрі ақырғы күй ретінде қарастырған. Адаптацияны гуманизм позициясынан зерттеу бейімделгішдік критерийінің негізгі көрсеткішін бөлуге мүмкіндік берген: тұлға мен ортаның интеграциясының деңгейі, бұл көрсеткіш жалпы әлеуметтік құндылықтар мен тұлға үшін маңызды құндылықтардың ара қатынасын бағалауға мүмкіндік береді [6]

Бихевиорист Л.Шаффер, Э.Шобен [6] әлеуметтік адаптацияны «стимул-реакция» схемасы арқылы қарастырған. Берілген концепция контекстінде адаптация дегеніміз жүріс-тұрыс акті ретінде қарастырылады. Бұл процесс барысында қоршаған орта тұлға үшін мақсатқа жету жолында кедергі болып есептеледі. Берілген теория авторлары сәтті адаптация тұлға мақсатқа жету долында барлық кедергілерден өткенде ғана жүзеге асады. Кері жағдайда тұлға дезадаптанттар категориясына енеді.

А.И.Сурыгин және В.И.Никифоров адаптацияның келесідей формаларын көрсеткен:

- физиологиялық (тұлғаның қоршаған ортаның өзгеруші жағдайларына бейімделуі);
- әлеуметтік – психологиялық (тұлғаның жаңа ортаға психикалық бейімделуі);
- академиялық (студенттердің жаңа педагогикалық орта жағдайына бейімделуі) [7].

Адамның өзгеруші орта жағдайларына бейімделу процессінде үш фазаны бөліп көрсетуге болады: әлеуметтік, физиологиялық, психологиялық [8]. Әр адаптация түрінің мазмұны төмендегідей болады.

Адаптация процессін физиологиялық аспектісінде қарастыра отырып, берілген процесс үш фазаның тығыз жалғасымдылығын және өзара байланысын ескеру қажет. Адаптацияның физиологиялық фазасы барлық өмірлік қажетті органардың және организм жүйесінің қызмет етуіне негізделген. Физиологиялық адаптация – өзгеруші орта жағдайларына ағзаның бейімделу фундаментіндегі физиологиялық реакциялардың қосылуы. Олар ішкі ортаның сақталуына бағытталған [9].

Әлеуметтік аспектідегі адаптация индивидтің проблемалы әлеуметтік жағдайға бейімделу процессін білдіреді. Берілген фазада ағзаның күрделірек реакциялары туралы сөз қозғалады және әлеуметтік деңгейдегі өзара қатынас құру дағдылары талап етіледі. Тұлға проблемалы әлеуметтік ортада болғанда әлеуметтік субъектілер талаптары мен күтілімдерінің тұлғаның объективті мүмкіндіктерімен және әлеуметтік орта реалияларымен келімідігі басталады. Г.Матулене бойынша, адаптация – индивид қалаулары мен әлеуметтік

ортаның қанағаттандырушы және фрустрациялаушы бағыттары арасындағы өзара байланыс [10].

Психолог Д.Дубровинаның пікірінше, тұлғаның психологиялық адаптациясы – объективті әлеуметтік формалары мен тұлғаның индивидуалды, конструктивті, сапалы тәсілмен құрылған өмірлік жағдайларының метаморфозы [11].

А.Г.Маклаков бойынша тұлғаның бейімделуі үш деңгейде жүзеге асады: физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік. Ғалым бұларды бейімделудің әрі үш деңгейі, әрі үш түрі ретінде көрсеткен. Тұлға ағзасының белгілі бір сыртқы жағдайда қызметін тоқтатпай жұмыс жасауын физиологиялық адаптация деп атаймыз. Ал, тұлғаның барлық психикалық құрылымының сыртқы факторлармен өзара ықпалдасуы барысында қалыпты жағдайда жұмыс жасауы психологиялық адаптацияны білдіреді. Әлеуметтік адаптация болса, тұлғаның қалыптасып кеткен ортаға бейімделуін білдіреді. Әлеуметтік ортаға бейімделу дегеніміз – тұлғаның түрлі жағдайларға талдау жасай білуі, өз мүмкіндіктерінің жетер жерін білу, іскерлігінің басты мақсаттары үшін өз жүріс-тұрысын, эмоциясы мен сезімдерін бақылауда ұстай алуы. Адаптация дегеніміз бейімделу процессінің ілгері жылжуын білдіреді. Алайда, тұлға қоғаммен ықпалдасқанда бейімделу векторы тек қана ілгері емес, артқа қарай да жылжуы мүмкін. Бұл құбылысты біз «дезадаптация» деп атаймыз.

Әлеуметтік дезадаптация дегеніміз – адам мен қоғам арасындағы қалыпты қарым-қатынастың бұзылуы, басқалармен қарым-қатынас құру барысында қиындықтар мен түсініспеушіліктерге ұшырауы. Әлеуметтік дезадаптация кезінде тұлғаның жеке және іскерлік қарым-қатынастары жапа шегеді. Яғни, дезадаптация барысында тұлға бейімделмейді, бейімделуі қиындыққа ұшырайды. «Адам – әлеуметтік жануар » дегенді ескерсек, тұлғаның өзгеріске ұшырауы мүмкін емес, демек, дезадаптация барысында тұлғаның сыртқы өзгерген ортаға бейімделу процессі ұзаққа созылатындығы хақ. Алайда, тұлға бойында сыртқы факторлар өз ізін салмай кетпейді.

Дезадаптацияның диагностикалық критерийлері кәсіби іскерліктегі және тұлғааралық сферадағы бұзылыстар, стресске деген шектен шыққан реакциялар (депрессия, агрессия, алаңдаушылық және т.б.) болып табылады. Дезадаптацияны мерзімі бойынша төрт топқа бөлеміз: уақытша, тұрақты, ситуациялық, жалпы тұрақты тұлға дезадаптациясы. Уақытша тұлға дезадаптациясы жаңа жағдайға ауысумен байланысты. Мысалы: жаңа мектепке ауысу, баланың өмірге келуі және т.б. Тұрақты тұлға дезадаптация – мәселені шешудің ерекше жағдайында бейімделудің тиімді жолдарын таппаумен сипатталады. Мысалы, кәсіби іскерлік немесе отбасы жағдайында жаңа өзгерістерге бейімделе алмау. Жалпы тұрақты тұлға дезадаптациясы дегеніміз – тұлғаның қорғаныс механизмдерін белсендіретін тұрақты бейімделуге қабілетсіздігі.

Әлеуметтік адаптацияның екі ерекше формасын бөліп көрсетуге болады: бейімдік (адаптивность) және бейімделгендік (адаптированность). Осы жерде ұғымдарға түсінік берейік: адаптация дегеніміз – тұлғаның сыртқы өзгерістер

не факторлар әсерінен өзгеру процесі; бейімдік – сыртқы факторлар әсерінен тез өзгере алу қабілеті; ал бейімделгендік – өзгеру процессінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Бейімдік – тұлғаның функционалды және морфологиялық ерекшелігі, өмір сүру жағдайларына тез үйренісу қабілеті.

Жоғарыда айтқанымыздай, адаптация және әлеуметтік – психологиялық адаптация – екеуі де бір мағынаны, яғни «бейімделу» дегенді білдіреді. Айырмашылығы, адаптация – индивидтің не субъектінің қоғамның ішінде не одан тыс жағдайлардың барлығына бейімделу процесі. Әлеуметтік – психологиялық адаптация тұлғаның тікелей әлеуметтік ортамен жанасуы нәтижесінде болады. Әлеуметтік – психологиялық бейімделу барысында тұлға қоғамның құндылықтарын, дәстүрлерін, әлеуметтік нормаларын меңгереді және өзі де сол қоғамның құндылықтары мен нормаларын белгілі бір деңгейде өзгертуге ат салысады.

Қорытындылай келгенде, бейімделу – бұл өзгеру үдерісі, бейімдік – жекедара психикалық қасиет және ол адамның өзгеруші жағдайларға қаншалықты тез, сапалы бейімделетінін анықтайды. Бейімделгендік – сыртқы орта әсерінен өзгеру үдерісінің нәтижесі болып табылады.

А.В. Морозов та бейімделудің физиологиялық, психикалық және әлеуметтік деңгейлерін көрсете отырып, «адам – ең қиын биоәлеуметтік жүйе» деп айтады. Сонымен қатар, ол бейімделудің психикалық қана емес, психофизиологиялық бейімделу деген түрін де бөліп көрсетеді. Оның үстіне, А.В. Морозовтың айтуы бойынша, жоғарыда айтылған адаптациялардың барлығы дерлік бір уақытта өзін реттеу процесстеріне де қатысады.

М.Е. Сандомирский психикалық бейімделудің өзара байланысты болып табылатын келесі түрлерін де бөліп көрсеткен:

1) психофизиологиялық бейімделу немесе ағзаның өз қызметтерін әлеуметтік орта талабына сай мақсатты түрде өзгертуі. Бұған нәтижесінде психологиялық дезадаптация не физиологиялық стресс пайда болуы мүмкін девиантты жүріс-тұрысты жатқыза аламыз.

2) өздік психологиялық адаптация. Сыртқы әлеуметтік ортамен құрылған қарым-қатынас нәтижесінде пацда болған, психологиялық стресспен немесе кермемен байланысты бұзылыстар.

3) психоәлеуметтік бейімделу, немесе жаңа ұжыммен өзара қарым-қатынас барысындағы тұлға бейімделуі. Жоғарыда көрсеткендей, дәл осы психоәлеуметтік бейімделу барысында процесс бағыттылығы қарама-қарсы бағытта өрбуі де мүмкін. А.А. Реан өз зерттеулерінде әлеуметтік бейімделудің негізгі үш бағытын атап көрсетеді:

- тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдасуының психоаналитикалық концепциялары;

- тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдасуының гуманисттік психологиялық бағыты;

- тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдасуының когнитивті әлеуметтік психологиялық концепциялары.

Сондай -ақ, А.А. Реан әлеуметтік-психологиялық бейімделуді жағдай талаптарына сәйкес тұлғаның белсенді түрде өзін өзгертуі деп есептейтінін

жазған.

Ф.Б. Березиннің пайымдауынша, психикалық адаптация психикалық гомеостазды реттей отырып, тұлғаның басқа тұлғаларымен үнемі адекватты қарым-қатынас орнатуын қамтамасыз етеді. Қоғаммен ықпалдасу барысында психикалық және физиологиялық жақтарын сәйкестендіреді. Ф.Б. Березин де құрылымдық-деңгейлік келісті қолдану арқылы бейімделудің үш деңгейін көрсеткен: психофизиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық.

Н.С. Шейнинаның пікірінше, психикалық адаптация психологиялық адаптацияны қамтиды және 3 блоктан тұрады: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, өз кезегінде әр қайсысы психикалық регуляция, яғни реттеудің үш деңгейімен сәйкес келеді: биологиялық реттеу, жекедара-тұлғалық реттеу және тұлғалық- әлеуметтік реттеу. Оның үстіне, психикалық адаптацияның әрбір блогы күрделі құрылымға ие. Осылайша, психикалық адаптация танымдық, эмоционалды-еріктік, мотивациялық, практикалық аспектілерді қамтиды. Ц.П. Короленко болса, психикалық бейімделу ретінде интегралды байланыстағы психикалық функциялар деңгейіндегі үйренуді меңзейді. Оның ойынша, психикалық бейімделу жалпы бейімделудің ең жоғары деңгейі болып табылады. Ал, одан бөлініп шығатын психофизиологиялық бейімделуді ол шартты деп есептейді.

Танымдық, эмоционалды, моторлы-жүріс-тұрыстық бейімделу жақтарын көрсеткен, А.В. Сухарев қалыпты жағдайда бұл тараптар бейімделу барысында өзара тығыз байланыста екендігін көрсетеді.

Ф.Б. Березиннің пікірі бойынша, психикалық адаптация бұзылысқа ұшыраса немесе оның қалыпты қызмет етуіне зардап тиетін болса, вегетативті-гумаральді реттеудің тұрақтылығы бұзылады деген. Тұлға және әлеуметтік орта арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы тұлғаның бейімдеуші жүйелерінің қысымға ұшырауына, алаңдаушылықтың артуына, эмоционалды тұрақсыздыққа, микроәлеуметтік өзара ықпалдасудың және тұлғааралық қарым-қатынастардың сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғады.

Ф.Б. Березин тұлғаның психикалық адаптациясына тән көрсеткіштердің үш тобын бөліп көрсеткен:

- эмоционалды керменің айқындығы және эмоционалды стресске тұрақтылық;
- микроәлеуметтік әрекеттесудің ерекшеліктері;
- жағдайды логикалық талдауға қабілет.

Сонымен қатар, ғалым Ф.Березин психикалық адаптация жеке және топтық (немесе популяциялық) деп екіге жіктейді және әлеуметтік адаптация деп топтық психикалық адаптацияны түсінеді. Бұл жағдайды қорытындыласақ, психикалық адаптацияны автор тұлғалық жеке үдеріс ретінде түсінетіндігін көреміз.

Тұлғаның психикалық бейімделуі туралы А.А:Алдашева да , Т.Ю. Артюхова да зерттеген. Т.Ю.Артюхова «бейім табалдырығы» атты түсінікті қолданысқа енгізген. Бейім табалдырығы – ең төменгі өлшем, субъектінің табысты бейімделуіне қажетті қасиеттердің көрінуінің немесе «жиынтығының» ең кіші шегі. Бейім табалдырығы түсінігі объективті де,



субъективті де аспектілерді өз бойында қамтиды. Бір жағынан алып қарасақ, «табалдырықты» қойып беретін орта, яғни ортада болған өзгеріс қаншалықты ауқымды болса, соншалықты ғана қабілеттерді талап етеді. Екінші жағынан, қажет деп табылған қабілеттерді қолданатын тұлға және тек қана тұлға сол қабілеттерді қаншалықты жақсы қолданатынын шешеді.

Осылайша, психология ғылымы бейімделу болмысы мен құрылымын әр түрлі етіп қарастырады. Сонымен қатар, психикалық және психологиялық адаптацияны да екі түрлі етіп түсіндіреді.

Келесі жеке қарастырып кететін мәселе – әлеуметтік бейімделу. Әлеуметтік бейімделу тұлға мен әлеуметтің өзара әрекеттесуі нәтижесінде болатын үдеріс болып табылады. Яғни, үдеріс үздіксіз түрде жалғасып отырады. Жоғарыда көрсетіп өткендей, әлеуметтік бейімделуде тұлға қоғамның нормаларын, құндылықтарын, ережелерін меңгереді және өзіне жақын ұжымда нормалар мен құндылықтарды, ережелерді өзгертуге мүмкіндігі бар. Тиісінше, әлеуметтік адаптация барысында тұлғалар адекватты, басқаға да, өзіне де зияны тимейтін жүріс-тұрысты ұстануға бейім болады. Себебі, өзгеріс күн сайын, кіші порциялар арқылы жүзеге асады. Алайда, әлеуметтік бейімделудің ерекше екі формасы бар: девиантты және патологиялық.

Девиантты бейімделу дегеніміз - қалыптасқан қоғамдық нормаларды, құндылықтарды, ережелерді бұзу арқылы әлеуметтік жағдайларға бейімделу. Яғни, қоғамға таңсық жолмен бейімделу үдерісін жасау. Девиантты адаптацияның екі формасы бар: новаторлық және конформды емес. Новаторлық немесе шығармашыл девиантты бейімделу дегеніміз – пр облемалық жағдайлардан шығудың жаңа жолдарын ойлап табуды білдіреді. Конформды емес девиантты бейімделу көп жағдайда ұжым және тұлға арасындағы жанжал мен кикілжіңге әкеп соғады.

Патологиялық бейімделу дегеніміз – психиканың функционалды ауытқушылықтары нәтижесінде пайда болған жүріс-тұрыс формаларын қолдану арқылы әлеуметтік ортаға бейімделу формасы. Қоғамға патологиялық девиантты жолмен бейімделу тұлғаны невротикалық және психотикалық синдромдарға душар қылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Р.С. Немов. Психологический словарь. Москва: ООО «Гуманитарный издательский центр Владос» - 560с.: ил., 2007.

2 И.В. Шаповаленко. Возрастная психология (Психология развития и возрастная психология). Москва: «Гардарика», 2005. - 349с., 2005.

3 О.Н. Истратова, Т.В. Эскакусто. Психодиагностика. Личностные и профессиональные качества. Ростов на дону: ООО «Феникс», 2012.

4 А.А. Голованова, Л.Е. Тарасова, Р.М. Шамионов. Адаптация личности в современном мире: Межвуз. сб. науч. тр. Саратов: «Научная книга», 2011.

5 Проблемы социальной адаптации к обучению в колледже у студентов первокурсников. Воробьева М.А. Екатеринбург: б.н.

6 А.А. Налчаджян. Психологическая адаптация: механизмы и стратегии - 2-е издание. Москва : ООО «Эксмо», 2009.

7 З. Фрейд. Введение в психоанализ. Москва: «Наука», 1990.

8 Социально-психологические особенности людей пожилого возраста как фактор адаптации в посттрудовом периоде. Лебедева Л.А. (научный руководитель), Казеев С.Е. Саранск: Мордовский государственный университет им. Н.П. Огарева.

**ӘОЖ 159.922**

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИДЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ – ӨМІР ТАЛАБЫ**

**Хайрат Э.**

Астана қаласы Білім Басқармасы «Гуманитарлық колледжі» МКҚМ  
**Мыханова Ж.Б., Игиликова Г.И.**

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қаласы

Қазіргі кезеңде, еліміз бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіреміз деп мақсат қойғанда, әрбір адамның өзі де бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуға міндетті. Сондықтанда педагогтар алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген, бір сөзбен айтқанда, бойында лидерлік сапалары дамыған заманауи тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықта шешім қабылдай білу тек лидерлік сапалары қалыптасқан тұлғаның ғана қолынан келеді. Лидердің бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты сапалармен қатар, әлеуметтік ортада өзін мәдениетті ұстай білу, елдермен жақсы қарым-қатынас орната білу, ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, креативті ойлай білу қажет.

Сонымен, жеткіншектерде жаңаша білім беру дегеніміз, бәсекеге қабілетті заманның жаңа білімі мен дағдысын меңгерген, лидерлік қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыру.

Лидер – топ мүшелерінің мақсат-мүдделерінің іске асырылуын және топтық іс-әрекеттің бағыты мен сипатын анықтайтын маңызды шешімдерді қабылдау барысында құзырлы екендігін барлық топ мүшелердің алдында мойындата алған тұлға және де беделді тұлға бола тұра, лидер бірігіп жасалатын іс әрекетті ұйымдастыруда және топтағы ара қатынастарды реттеуде маңызды рольді атқарады. Жетекшілік жауапкершілікті атқаратын топта, ұжымда бір адам болады.

Лидер - топтың негізгі құндылықтары мен мүдделерін қорғаушы (білдіруші), сыртқы ортадағы өкілі.

Лидерлік - бұл жеке адамдарға немесе бір топтағы адамдарға әсер ету қабілеті. *Қызметінің түріне байланысты:*